

# ЕРІКТІ ҚАЙЫРМАЛДЫҚ ЖАСАУДЫҢ ҚЫСҚАША ШАРТТАРЫ

Бекітілген күні: 29.07.2026 | 1.0 редакциясы

## Төлем алдындағы растау

Төлем батырмасын басып, төлемді аяқтай отырып, Донор осы Қысқаша шарттармен, Ерікті қайырмаалдық жасау туралы шарт жасасуға арналған толық жария офертамен және Сайттың Құпиялылық саясатымен танысқанын әрі олармен келісетінін растайды.

- Алушы.** «Football For Kids» Қоғамдық қоры, БСН 260740029114. Supernovas Қордың жобасы болып табылады, ал ақша қаражатын алушы және шарттың тарапы - Қор.
- Төлемнің сипаты.** Қайырмаалдық ерікті және өтеусіз жасалады, тауар, жұмыс немесе көрсетілетін қызмет үшін төлем болып табылмайды және қарсы ұсынуды көздемейді.
- Мақсаттар.** Егер төлем бетінде мақсатты жинақ тікелей көрсетілмесе, қаражат Қордың жалпы жарғылық мақсаттарына беріледі. Қор нақты бағдарламалар мен шығыстарды Жарғы және Қазақстан Республикасының заңнамасы шегінде дербес айқындайды. Сайттағы сомалар мен нәтижелер мысалдары бағдарлы болып табылады.
- Акцепт.** Соманы таңдау, келісімді растау және төлемнің сәтті аяқталуы шарттарды толық әрі сөзсіз қабылдауды білдіреді. Қаражат Қор шотына түскен немесе төлем сервисінің растауы алынған сәтте шарт жасалған болып есептеледі.
- Төлем деректері.** Картаның толық деректемелері мен CVV/CVC кодын банк немесе төлем сервисі өңдейді. Қор есепке алу және төлемді қолдау үшін қажетті операция туралы шектеулі мәліметтерді ала алады.
- Ай сайынғы қайырмаалдықтар.** Ай сайынғы нұсқаны таңдағанда Донор таңдалған соманы шамамен айына бір рет кейінгі есептен шығаруға келіседі. Болашақ есептен шығаруларды төлем сервисі арқылы немесе [info@supernovas.foundation](mailto:info@supernovas.foundation) мекенжайына хат жіберіп тоқтатуға болады; өтінішті келесі төлемге дейін кемінде 3 жұмыс күні бұрын жіберу ұсынылады. Тоқтату бұрын аударылған сомаларды қайтаруды білдірмейді.
- Қайтару.** Аяқталған қайырмаалдық жалпы ереже бойынша қайтарылмайды. Расталған қайталама есептен шығару, техникалық қате, қате сома немесе рұқсатсыз операция туралы өтініш толық Офертаға және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қаралады.
- Толық Офертаның басымдығы.** Жария офертаның толық редакциясы Сайт футерінде орналастырылған және төлем шарттарының ажырамас бөлігі болып табылады. Қайшылық болған жағдайда толық Оферта басымдыққа ие болады.

## БАЙЛАНЫС ЖӘНЕ ДЕРЕКТЕМЕЛЕР

|                    |                                                                                           |
|--------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------|
| Толық атауы        | «Football For Kids» Қоғамдық қоры                                                         |
| Қысқартылған атауы | «Football For Kids» ҚҚ                                                                    |
| БСН                | 260740029114                                                                              |
| Заңды мекенжайы    | Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Медеу ауданы, Самал-2 шағын ауданы, 55-үй, 6-пәтер |
| Банк               | «Қазақстан Халық Банкі» АҚ                                                                |
| БСК / БИК          | HSBKZKX                                                                                   |
| ЖСК / IBAN (KZT)   | KZ14601A861091121351                                                                      |
| Веб-сайт           | <a href="https://supernovas.foundation/">https://supernovas.foundation/</a>               |
| Электрондық пошта  | <a href="mailto:info@supernovas.foundation">info@supernovas.foundation</a>                |
| Телефон            | +7 707 182 49 36                                                                          |